

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 және 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 334 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 30, 330-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі туралы ережеде:

10-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады.";

2) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 41, 414 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитет туралы ережеде:

11-тармақтың 3) тармақшасында:

"келісім-шарттарға қол қоюға" деген сөздер "келісім-шарт жасасуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өз құзыреті шеңберінде" деген сөздерден кейін "инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде мынадай:

1) инвестициялық салық преференциялар;

2) кедендік баж салудан босату;
3) мемлекеттік заттай гранттар түрінде инвестициялық преференциялар ұсыну туралы шешім қабылдауға;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК